

### Бала құқы басты назарда болуы тиіс

Ата-аналар өздерінің балаларын тәрбиелей отырып, оны қорғауға міндетті. Әлі жасы жетпегендіктен, әлі қабілеті толық қалыптаспағандықтан балалар өз мүдделерін өздері қорғай алмайды. Сондықтан ата-аналар, біріншіден, балаларының құқығын қорғауға міндетті.

Бұл оның мүлкіне де, жеке басына да қатысты. Екіншіден, балалардың мүддесін қорғауға заң жүзінде белгіленетін құқық, мысалы, баланың мұрагер болу құқығы да жатады. Құқықты қорғауға баланың құқығын бұзуға жол бермеу үшін күресі мәселесі де қосылады. Ата-аналар өз балаларының заңды өкілі болып табылады.

Құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата-аналар, бағып-қағу және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абыройын төмендетуден, ата-аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. Қазақстан Республикасында балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата-аналарды ата-аналық құқықтан және баланы бағып-қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заңдық тұрғыда қарастырылған. Бала мүліктік құқыққа да ие. Ол көбінесе өз ата-аналарының және отбасының өзге де мүшелерінің күтіп-бағуы құқықтарына байланысты болмақ. Алименттер, зейнетақы мен жәрдемақылар ата-ананың атына келіп түседі, алайда, ол қаржы баланы күтіп-бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалады. Балаларға қамқорлық жасай отырып, мемлекет бала туған кезде жәрдемақы төлейді. Көп балалы отбасылары түрлі жағынан қорғауға алынған.

ҚР Балалар құқығын қорғау заңының 4-бабында: «Балалардың тең құқықтылығы – тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққы ие» делінген.

Яғни, бұл заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Балаларды қорғау – ең алдымен, балалар өмірін, оның құқықтарын, пікірі мен дін бостандығын қорғау. ОНЫ күш көрсетуден, зорлық-зомбылық жасаудан

және психологиялық жәбірлеуден қорғау. Балалар еңбегін қанаудан қорғау. Баланың білім алуына, демалуына, бос уақытын тиімді пайдалануына құқығы бар. Адамгершілігі мол ұрпақ өсіріп, әділетті де өркениетті қоғам қалыптастырғымыз келсе, біз – үлкендер осы мәселелерді ескеруіміз тиіс.

Әсел Ақылбекова  
ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы  
Қостанай Академиясы  
мемлекеттік-құқықтық пәндер  
кафедрасының оқытушысы,  
полиция капитаны